



## Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық әкімиятының 2005 жылғы 25 тамыздағы N 1003 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет Департаментінде Ақтау қаласының әділет басқармасында 2005 жылғы 7 қыркүйекте N 11-1-9 тіркелді. Күші жойылды - Ақтау қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 827 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтау қаласының әкімдігінің 2010.09.22 № 827 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңына және 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 25 бабының 3 тармағына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қала мекемелері мен кәсіпорындарында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындары құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

3. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (К. М. Айтбатырова) мүгедектерді арнаулы жұмыс орындарымен қамту шарасын алсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Г.М. Қалмұратоваға жүктелсін.

*Қала әкімі Р. Мұстапаев*

2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      2 5 . 0 8                      N                      1 0 0 3

қ а л а                      ә к і м и я т ы н ы ң

қаулысына қосымша

## Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру

### **ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39-111 "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес жасалған және мүгедектерді жұмысқа орналастыруға арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру

және қаржыландыру тәртібін белгілейді, арнаулы жұмыс орындарын ұсынатын мекемелермен негізгі жағдайлар мен есептесу жүйесін реттейді.

## **1. Жалпы ереже**

Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Арнаулы жұмыс орны-мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жергілікті бюджет қоры есебінен жұмысқа қабылданған мүгедектердің еңбек ақысын төлеуге жұмыс берушіге жартылай өтемақы төлеуге ресми түрде жұмыс берушімен берілетін жұмыс орны.

2) Мүгедек - "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңымен белгіленген тіршілік-тынысы шектеулі және әлеуметтік қорғауды талап ететін тұлғалар тобы.

2. Арнаулы жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан мүгедектерге Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заң актілері қолданылады.

3. Мүгедектердің арнаулы жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға ықпал ететін уәкілетті орган қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әрі- уәкілетті орган) болып табылады.

## **2. Арнаулы жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру және ұйымдастыру тәртібі**

4. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындары "Қазақ соқырлар қоғамы" Ақтау оқу-өндіріс кәсіпорнының келісімімен картонажды-тігін бұйымдарын шығаруда қосымша жұмыстар жүргізу үшін құрылады.

5. Уәкілетті орган жұмыс берушілермен арнаулы жұмыс орындарына қабылданған мүгедектердің еңбек ақысын төлеуде қызмет көрсетуге шарт жасасады.

6. Қала әкімияты жұмыс берушілердің жазбаша келісімі негізінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру мақсатында және олардың еңбек ақысын төлеуге белгіленген бюджет қаражатының нәтижелі пайдаланылуы үшін құрылатын арнаулы жұмыс орындары тізбесін белгілейді.

## **3. Арнаулы жұмыс орындарын қаржыландыру көздері және қаржыландыру жағдайлары**

7. Арнаулы жұмыс орындарындағы тұлғалардың еңбек ақыларын қаржыландыру қалалық мәслихаттың шешімдерімен қарастырылады.

8. Арнаулы жұмыс орындарына қабылданған мүгедектердің еңбек ақысын төлеуді ай сайын жұмыс беруші жеке еңбек шарты талаптары негізінде және орындалған жұмыстың саны, сапасы, күрделілігіне байланысты жүргізіледі.

9. Арнаулы жұмыс орындары қабылдаған мүгедектердің еңбек ақысын төлеуге жұмсаған жұмыс берушінің шығыны жергілікті бюджет қорынан ең төменгі айлық еңбек ақы мөлшерінде қайтарылады.

10. Жұмыс берушілер әр айдың 1 жұлдызына дейін заңда белгіленген тәртіпке сәйкес жергілікті уәкілетті органға жұмысқа қабылдау туралы бұйрық, жұмыс уақыты есебінің табелі, әрбір жұмысқа орналасқандарға есептелген еңбек ақы ведомості, арнаулы жұмыс орындарына қабылданған мүгедектердің еңбек ақысын төлеуді жергілікті бюджеттен қаржыландыруға тапсырыс жасайды.

11. Уәкілетті орган жұмыс берушінің есебін тексергеннен кейін қалалық қаржы бөліміне қаржыландыруға бюджеттік тапсырыс ұсынады.

12. Қалалық қаржы бөлімі әр айдың 10 жұлдызына дейін уәкілетті орган шотына қаржы аударды.

13. Уәкілетті орган бюджет қаражатын жұмыс берушілер шотына аударады.

14. Жұмыс берушілер қалалық бюджеттен түскен қаржыны нақты белгіленген мақсатта пайдаланады.

15. Арнаулы жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан мүгедектерге жергілікті бюджет қорынан төленетін еңбек ақыға заңда белгіленген тәртіпте салық салынады.

16. Арнаулы жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыздарға жұмыс барысында денсаулығына залал келген жағдайда уақытша жұмысқа жарамсыздығына байланысты әлеуметтік жәрдемақы төлеуді қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жұмыс беруші жүргізеді.

#### **4. Есеп жүргізу және есеп беру**

17. Уәкілетті орган тоқсан сайын қалалық қаржы бөліміне арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы мәлімет ұсынады.

#### **5. Бақылау**

18. Осы Ереженің орындалуы мен бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, қалалық қаржы бөлімі бақылау жүргізеді.